

ТУҒАН ӨЛКЕМНІҢ ТАНЫМАЛ ТҮЛҒАСЫ

Искакова Б.О., тарих пәні мұғалімі

«Көкпекті ЖББМ» КММ

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы., Қазақстан

Тарих беттеріне үңілсек, Жер-Ана қаншама қанды соғыстардың куәсі болды емес пе? Дегенмен, әр соғыстың өз таңбасы болатынын ескермеуге болмас. Тарихтан білетін қаншама соғыстың ішіндегі ең алапаты- Ұлы Отан соғысы. Ұлы Отан соғысы кезінде қазақстандықтар қолдарына қару алып бір кісідей майданға барып Отан қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге арзанға түспегені әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кеткені баршаға аян.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 13 сәуірінде шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертетіні туралы айтылған. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс,-деп «Туған жер» бағдарламасында өлкетану жұмыстарын тереңінен жүргізу қажет екендігі айтылған болатын. Сонымен бірге «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс. Сондықтан бүгінгі сөз ететін тұлғамыз қан майданда өмір мен өлімнің арасында елі үшін арпалысып, ерлік көрсеткен Бұқар жырау ауданы Көкпекті ауылының Ұлы Отан соғысының ардагері Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаев.

Тәуелсіздік заманында өз халқына жанашыр болған жерлес батыр бабаларымыздың атын ұмытпай болашақ ұрпаққа мақтан етіп, тарихта есімдерін алтын әріппен жазсақ өшкеніміз қайта жаңғыратынына көз жеткіземіз.

Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да қазір санамызға қайта оралып, жатқан тұлғалар аз емес. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама? Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау - бүгінгі ұрпақ, біздің қасиетті парызымыз.

Бүгінде есімі қайта жаңғырған, төл тарихымыздан ойып алар орны бар азаматтарымыздың бірі- ұзақ жылдар Бұқар жырау ауданы Көкпекті ауылында тұрып еңбек еткен Ұлы Отан соғысының ардагері Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаев. Оның есімі кешегі қанды қырғын соғыстағы жеңіс тарихымен біте қайнасып жатыр. Жеңіс күнін жақындатуға жол салған десе де болады.

Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаев 1916 жылы 16 маусымда бұрынғы Қу ауданында (кейін Егіндібұлақ ауданы болды, қазір Қарқаралы ауданының құрамында) туған. Ол кездің балаларының ойын дегенді білмей, еңбекпен есейгендігі мәлім. Шақар Төлеубайұлы да солай есейіп, еңбек жолын 1935 жылы округтік комсомол комитетінде бастаған. Содан 1937 жылдың қыркүйек айының бастап Қызыл әскер қатарына алынып, бір жылдан соң Қиыр Шығыста Хасан және Халкин-Гол көлінің маңында жапон басқыншыларына қарсы күреседі. 1939 жылдың мамырынан 1941 жылдың ақпан айына дейін Киев әскери округінде взвод командирі болған. Фашистік Германия тыныш жатқан елімізге баса көктеп кіріп, Ұлы Отан соғысы басталған шақта ол Батыс майданға аттанады. 1942 жылы наурызда атқыштар ротасының командирі, адъютант, Оңтүстік майданында батальон командирі болып тағайындалады. Ал 1942 жылдың наурызы мен 1943 жылдың тамыз аралығында Закавказ майданында батальон командирі болып адал қызмет еткен. Өзінің майдандық жолын ол 1942 жылдың 26 мамырында он жетінші танк корпусы ретінде құрылған, атақты Кантемир дивизиясының құрамында ел қорғады. [5]

1943 жылдың тамызы мен 1944 жылдың шілде аралығында М.Фрунзе атындағы Өскери Академияның қысқартылған курсына оқыған. Сұрапыл соғыс жылдары «Тек қана Жеңіс!» деген ұранын алдына мақсат етін қойған Шақар Төлеубайұлы 1944 жылдың қыркүйегінен 1945 жылдың 22 желтоқсанына дейін Украин майданының 1-батальонының командирі бола жүріп, неміс фашистеріне қарсы соғыста талай ерлік көрсетін көзге түскен болатын. Содан қанқұйлы жаудан туған жерін қорғай отырып, қатардағы жауынгерден гвардия майоры дәрежесіне дейін көтеріледі. Қан майданда шегіне бастаған жауды танк корпусы да өкшелеп қуа түседі. Темір құрсаудың ішінде отырғанымен шынжыр табанды тажалдың шайқасы оңай болмайды. Оның үстіне жау да өліспей беріспеуге бекінген. Көмейінен от бүркіп, өлім шашқан алыптар жер бетін дірілдетіп, аспан астын жаңғыртып жібереді. Мұндай сәтте қарсы келіп қалған тажалға қасқая қарсы тұру да оңай емес. Батальон командирі жүректі болып, өзі қарсы тұрып, басқаларды бастай білуі, ұрысты дұрыс ұйымдастыруы қажет. Мұндай сәттер Шәкең өмірінде сан мәрте қайталанғаны сөзсіз. Төрт рет жаракаттануы соның куәсіндей. Көретін қызығының көп болғандығынан да шығар, соның бәрінен де аман қалған екен. Танктеріне немістің снаряды тиіп, жана бастаған уақыты да болған.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі көрсеткен ерлігі үшін Шақар Төлеубайұлы «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен, екі Қызыл Жұлдыз орденімен, «Кавказды қорғағаны үшін», «Киевті қорғағаны үшін», «Праганы босатқаны үшін», «1941-1945 жылдарда Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен және 4 мерейтойлық медальмен марапатталған.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін соғыста ел қорғауда көрсеткен ерлігін бейбіт өмірді қалпына келтірумен алмастырып, Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаев 1946 жылы маусым айында туған елге оралады. Қарағандыда екі жыл облыстық партия комитетінің ұйымдық-нұсқаушылық бөлімінде нұсқаушы болып қызмет атқарады.

1948 жылдың қараша айынан 1980 жылдың маусым айына дейін құрметті демалысқа шыққанша кәсіптік білім беру саласында еңбек етті. Сол кездегі Свердлов атындағы совхоз қазіргі Көкпекті ауылындағы №28 селолық кәсіптік-техникалық училищеде 23 жылдан астам уақыт бойы директорлық қызмет атқарды. Жас ұрпаққа білім нәрін құйды, оларды механизаторлыққа және басқа да ауыл шаруашылығы мамандығына үйретті, адамгершілігі мол азамат болуға тәрбиеледі. Бұл күнде ол кісінің тәлім-тәрбиесін алған азаматтарды кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінен кездестіруге болады.

Майдандағы ерлігі үшін екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, екі мәрте «Қызыл жұлдыз» орденімен, оннан астам медальдармен марапатталған. Ондай наградаларына «Еңбектегі ерлігі үшін», «Тың көтергені үшін» сияқты бейбіт өмірдегі марапаттары қосылды. «Кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі» құрметті атағына ие болды. Ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлаудағы алға қойған міндеттерді абыроймен жүзеге асырғаны үшін 1976 жылы «Қазақ КСР-інің Алтын Құрмет Кітабына» есімі жазылды. Екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын алды.

Өмірлік қосағы Рахима Жанқұлқызы 1921 жылы туған. Орта мектептен соң, 1942 жылы Алматы медицина институтын бітірген. 1943 жылы 17 маусымда Фрунзе әскери комиссариаты арқылы майданға алынады. Мәскеу қаласында қысқа мерзімдік жас жауынгерлер курсынан өтеді де, бірінші Украина майданындағы эвакуациялық госпитальға дәрігер етін жіберіледі. Курск, Белгород, Дембина, Краков, Глейвиц жерлеріндегі майдан даласында дәрігерлік қызмет атқарады. 1944 жылы Польша жеріндегі майданда генерал Сүлейменов Рахима Жанқұлқызын майор Шақар Көшкімбаевпен таныстырған. Екеуі бірге Украина, Польшадан өтіп Берлинге дейін жеткен. Сол кездегі таныстық соғыстан кейін де бүкіл ғұмыр бойы жалғасты. Жеңіс туралы қуанышты хабарды Дрезден қаласына да естіген. Отты жылдардың қиындығымен шыңдалған жандар соғыс бітіп, елге аман-есен оралған соң шаңырақ көтерген болатын.

Украина мен Польшаны басып өтін, Ұлы Жеңісті капитан шенінде аяқтаған Рахима апай соғыстан соң облыстық клиникалық ауруханада қызмет атқарған. Клиникалық

ординатураны бітірген. Одан соң көп жыл бойы сол кездегі өздері тұрған Свердлов атындағы (қазіргі Көкпекті селосы) совхозда учаскелік аурухананың бас дәрігері болады. Соғыс жылдарында екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Одан соң бейбіт еңбек кезіндегі марапаттары да жетерлік. Денсаулық сақтау ісінің үздігі атағын алған. Бірнеше рет бұрынғы Ульянов аудандық Кеңесіне депутат болып сайланған.

1982 жылы Рахима апай мен Шақар Төлеубайұлы 9 мамырда Мәскеу облысындағы Наро-Фоминск қаласына барып, гвардиялық, Қызыл тулы, Ленин орденді Кантемиров танк дивизиясының 40 жылдық мерейтойына қатысып қайтқан болатын. Шақар Төлеубайұлы 1982 жылы қыркүйек айында көз жұмды. Ал Рахима апай болса 4 немере мен бір шөбере көрін, 2000 жылы дүние салған. [5]

Қос жауынгер Рымкеш, Дәметкен, Теміржан, Әміржан, Аманкелді атты бес бала тәрбиелеп өсірген. Шахтерлер кентінде тұратын Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаев пен Рахима Жанқұлқызы Көшкімбаеваның қызы Рымкеш Шақарқызы анасының жолын қуып дәрігер болып, көп жылдар бойы медицина саласында қызмет атқарған. Шақар ата мен Рахима апай өте адал, еңбекқор болды, соғыстан кейін де майдандас достарымен араласып тұрды, бірақ соғыс туралы әкем көп айта қоймайтын еді,- деп еске алды қызы Рымкеш Шақарқызы. Рахима апайдың 1943-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезіндегі естеліктерді жазған күнделіктері әлі күнге дейін сақтаулы тұр. Қазір қара шаңырақта Аманкелді атты ұлы тұрады. Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаев пен Рахима Жанқұлқызы Көшкімбаева барлық өмірлерін Отан мен халқына қызмет етуге арнаған отбасы.

Абзал азаматтың есімін Көкпекті ауылының тұрғындары әлі күнге дейін құрметпен еске алып, адамгершілік асыл қасиеттерін, елі үшін жасаған адал еңбектерін айтып отырады. Ғұмырының біршама жылдарын ел игілігіне, болашақ ұрпақтың тәрбиесіне арнаған азамат кәсіптік училищеге білім алған әр балаға әке, білікті ұстаз болатын. Ол туралы Көкпекті ауылының тұрғыны, ауданымыздың құрметті азаматы В.М.Уркунов қашанда құрметпен еске алып, өзіне ұстаз санайтындығын, өмірлік жол нұсқап, бағыт көрсеткен ірі тұлға екендігін тебірене айтады.

-Маған бағыт-бағдар беріп, училищеге жұмысқа алып, үнемі қолдау білдіріп отыратын. Қашанда тәрбиелеп отырған шәкірттеріміздің білікті, білімді болуын қадағалап, тұтас совхоздың шаруасының дұрыс жүруіне ат салысып, училищенің материалдық-техникалық жабдықталуына жіті мән беретін. Барлық техниканың сақадай сай тұруы сол кісінің тынымсыз еңбегінің арқасы болатын,-деп еске алды толғанып.

Сонымен бірге Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаевты көз көрген көршісі Жалпаков Жомартбек Тауыпқұлы батырдың өмірі мен еңбек жолдары туралы айта келе, нағыз елі үшін адал қызмет еткен, бар өмірлерін еліне, жеріне арнаған ірі тұлғалар болатын еді,- деп еске алып, қос батырдың өмірінің аяғына дейін тұрған қара шаңырақты көрсетіп, біраз естеліктерімен ой бөлісті.

Сонымен бірге ауылымызда Шақар ата мен Рахима апайға ескерткіш қоюға көмек қолын созған ҚарМУ-дің бірінші проректоры, тарих ғылымының докторы, профессор Жұмашев Рымбек Мұратұлына барып қажетті мағлұматтар алдық. Рахима апайдың 1943-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезіндегі естеліктерді жазған күнделіктерін өз көзіммен көріп, майдан даласындағы өмір мен өлім арасындағы ауыр күндері туралы естеліктерін оқи отырып, тебірене тыңдап қайттық.

Ұлы Отан соғысының ардагері Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаев туралы көптеген тың деректер, фоталар Көкпекті селолық әкімдігінде жинақталған. «Ер есімі- ел есінде» демекші Көкпекті ауылының тұрғындары соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, үнемі еске алып отырады. Соның айғағы ретінде 2016 жылдың 15 сәуіріндегі Көкпекті ауылдық округі әкімінің шешімімен Садовая көшесінің аты өзгертіліп, Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаевтың аты берілді. Көкпекті ауылының халқы үшін бұл өте маңызды, қуанышты хабарлардың бірі болып есептелінді. [3]

Сонымен бірге 2016 жылдың 9 мамыр күні Көкпекті ауылында Ұлы Отан соғысының ардагерлері Шақар Төлеубайұлы Көшкімбаев пен Рахима Жанқұлқызы Көшкімбаеваға арнап

ескерткіш тақта қойылды. Ескерткіш тақтаның қойылуына ат салысқан Шақар ата мен Рахима апайдың жиені Жанат Нұрбайұлының еңбегі ұшан теңіз десек артық емес. ҚарМУ-дің бірінші проректоры, тарих ғылымының докторы, профессор Жұмашев Рымбек Мұратұлы Көкпекті ауылындағы ескерткіш тақтаның ашылу салтанатты жиынына қатысып, қос жауынгердің ерліктері жайлы көптеген мағлұматтар айтып, өз ойын ортаға салды. Осындай жұмыстардың өзі өшкенімізді жаңғыртып, жоғалтқанымызды табуымызға септігін тигізген айтулы үлкен шара болды деп есептейміз. Кешегі күні Отан үшін от кешкен, кейіннен бейбіт еңбекте ел игілігі үшін тер төккен осындай ардагерлеріміздің өзі жоқ болғанымен, артында қалған ұрпақтары, олардың көзін көрген адамдар бар. Ұлы Жеңіс күні қарсаңында майдангерлерді тағы бір еске алып, олардың аруағына дұға бағыштайды, оларды ардақ тұтып, мақтан етеді.

Соғыстың аяқталғанына биыл 77 жыл толғалы отыр. Сол соғыс пен қазіргі уақыттың арасындағы уақыт мерзімі арасы алшақтаған сайын, бұл 1941-1945 жылдар арасында болған сұрапыл соғыстың қаншалықты ауыр да жантүршігерлік кезең болғаны, сол жылдары жерлестеріміздің майдан мен тылда істеген ерен еңбектерінің қаншалықты ауыр екенін әлі де көз алдымызға елестетеміз. Әр адамның өмір жолының соңында дүниесінің молдығы емес, жасаған істерінің шарапаттылығы ескеріледі емес пе? Соғысты бастан-аяқ жүріп өтіп, өзінің біліктілігін танытқан азаматтың бейбіт өмірде тұтас буынның тәрбиесіне ат салысып, еңбек етуі, өзінің тұрғылықты жеріндегі адамдардың түйткілдерін шешудегі жанашырлығы-барлығы құрметке лайық.

«Туған жерге туынды тік!» — деген дана халқымыз. Бұл – әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілікті білдіреді. Яғни, кез-келген азамат өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлау білуі керек. Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өтті.

Уақыт-өзен, соғыс аяқталғалы қаншама жылдар өтіп, нешеме ұрпақ алмасса да, Отан үшін құрбан болғандар мен алапат соғысты басынан өткергендердің алдындағы адами парыз тарихымыздың осынау ерлік парактарын ұмыттырмақ емес.

Қазақ елінің бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамуға ұмтылуы заңдылық. Дегенмен, ең бастысы жаһандық өзгерістер кезеңінде біз ұлттық ерекшелігімізді, құндылығымызды сақтай білуіміз керек. ХХІ ғасырдағы рухани жаңғырудың мәні осыда болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ақынов Ә. Ұлы Отан соғысы тарихындағы Қарқаралы беттері // Қарқаралы.- 2001.
2. Ағыбаев М. Жеңіс жолындағы азапты күндер: Азия Транзит.-2003
3. Бұқар жырау жаршысы/2016
4. Жанғожин А. Қарағандылықтар Отан үшін шайқаста: Қазыналы қара шаңырақ / Е.Лұқпан// Орталық Қазақстан.- 2003.
5. Қауысов Б. Өлім мен өмір арасы // Орталық Қазақстан.- 2003.

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ЖӘНЕ АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ

Кусаинова К.К. тарих пәнінің мұғалімі
Абай атындағы №104 мектеп-гимназия
Қарағанды қаласы, Қазақстан

«Алаш» партиясын құрудағы негізгі мақсатымыз қазақ халқының қамы еді ғой. Елі сай, жері бай, өсіп-өнген өнерлі халықтары бар мемлекеттермен терезесі тең түсетін қазақтың дербес мемлекетін құру еді. Ол мақсатқа жету үшін ұйымдастырушылық күші бар ұйым керек болды. Ол ұйым «Алаш» партиясы деп есептедік...»

Ә. ЕРМЕКОВ